



ЖАНАЙҚАЙ



БЕСІКТІ ТҮЗЕМЕЙ БОЛМАС...

Ақпан айының соңғы күндері Шымкент қаласында ақтүтек боран болды. Медициналық орталықтың анестезиолог-реаниматологы Жалғас Үшенханов жұмыс бөлмесіне келгенде, ондағы дәрігерлердің терезеден қарап әлденені әңгіме етіп тұрғанын байқады. Жалғас олардан сұрастырып көргенде ғимаратқа жанама орналасқан қоқыс жәшігінің жанында жатқан шақалақты көрді. Жиналғандар қорғансыз сәбиге таңдана қарап қалыпты. Бұдан әрі Жалғас шыдай алмады. Дерев ақ халатын киіп, сыртқа атып шықты. Нәрестенің денесі мұздай болып қатып қалған екен. Сол түні қалада жаңбыр жауған. Жаңбыр суы мен аяздың астында қалған сәбидің жағдайы тым ауыр еді. Жалғас оны көтеріп алып орталыққа әкелді. Өмір мен өлім арпалысы төрт сағатқа созылды. Ашық далада қалған нәрестеге дәрігерлер алғашқы медициналық көмекті шұғыл көрсеткенімен жағдайы тым ауыр еді. Ол өздігінен демала алмады. Сондықтан сәбиді жасанды аппаратқа қосуға тура келді. Осындай ауыр арпалыстан соң оны жансақтау бөліміне жатқызды.

**Асылы
ОСМАН,**

қоғам қайраткері:

«Менің түсінігімде, бұл ұлттық тәрбиенің болмай жатқандығы. Кейбір аналарымыз қызына тәрбие беруден қалды. Бүгін Астанадағы Гумилев атындағы университетте «Қыз Жібек» клубы осындай тақырыпта дөңгелек үстел өткізді. Сол кезде жиналған жастардың кейбірі «мұндай қадамға жұмыссыздықтан барып жатыр» - деген пікір білдірді. Сол кезде мен «Бұдан да ауыр жағдайда күн кешкенбіз. Алайда мұндай оқиға орын алмайтын» деп айттым. Ұлттық дүниемізге жат нәрсенің бәрі орынсыз. Айналып келгенде, оның барлығы тәрбиенің жоқтығынан. Қазақ қыздарына шаш жайып жүрудің, тістегеннің ауызында, ұстағанның қолында кеткендігі дұрыс емес екенін түсіндіргендей болдым. Қазақ қызын арға, ұлын нарға балаған. Біз сол әдеп-ғұрыптан айырылып бара жатқанымызды да мәселе ретінде көтердім. Адам дүниеге адам болып келгеннен кейін адам болып қалғаны абзал»

(Жалғасы 3-бетте)

2

«ОСКАР» ДА
САЯСАТКӨКСАҒЫЗДЫҢ
КЕРЕМЕТІ

4

ӨЗБЕК
ТЕРІП
ТАБАДЫ

6

БОРОДЮК
КЕЛДІ...

7

ТАҒДЫР ТАЛАЙЫ

АҚ СӘУЛЕ ІЗДЕП ӘЛЕМНЕН



Жеті қарақшы шөміштеніп, ай нұры іріген сүттей ыдырап, түн етегі түріліп, бозала таң белгі бере бастаған уақыт еді. Төсегінен тұрысымен тас қабырғаны таяныш етіп, терезенің алдына келді.

(Жалғасы 5-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

55,63



DOLLAR

318,5



EURO

334



РУБЛЬ

5,45

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

Билік



26-БАП ӨЗГЕРМЕЙДІ

«Бізге халқымыздың болашағы үшін маңызды құжат мәселесін шешу керек. Бүкілхалықтық талқылаудың қорытындысын шығарып, оны Парламенттің қарауына енгізу мерзімін анықтау қажет. Конституцияның 23-бабына және заңдарға 35 өзгерту енгізілетіні белгілі болды. Енгізілетін өзгерістердің басты мәні – Президенттің бірқатар өкілеттіктерін биліктің басқа тармағына қайта бөлу». Бұл туралы Елбасы мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселесі жөніндегі жұмыс тобының отырысында мәлім етті.

Мемлекет басшысы бүкілхалықтық талқылауға шығарылған конституциялық реформалар жобасына қатысты ұсыныстарды жинақтау, пысықтау, талдау және талқылау жөнінде жұмыс тобы ауқымды жұмыс атқарғанын атап өтті. Қазақстан Президенті «Өзімнің конституциялық құқығымды пайдалана отырып, мен референдумға шығармай-ақ, Парламентте талқылау арқылы Негізгі заңға өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдадым», — деді.

Ал жұмыс тобының жетекшісі Ә.Жақсыбеков мемлекет басшысына Конституциямен қатар, ел заңдарына да өзгерістер енгізуді көздейтін билік тармақтары арасында өкілеттікті қайта бөлу жөнінде ұсыныстар әзірленіп жатқаны туралы баяндады. Оның айтуынша, жұмыс тобының мүшелері бүкілхалықтық талқылау барысында келіп түскен ой-пікірдің, сауал мен ұсыныстың бәрін тіркеген. Ұсыныстар барлық өңірден келіп түсті. Ғалымдар, заңгерлер, қоғам қайраткерлері мен бизнес өкілдері түрлі ой-пікірін жолдаған. Сондай-ақ Президент әкімшілігінің басшысы азаматтардан Конституцияның 63-бабына қатысты 6 мыңнан астам ұсыныс келіп түскенін мәлімдеді.

Елбасы азаматтардан келіп түскен түрлі сипаттағы әр алуан пікір мен ұсыныс біздің қызметімізде кемшіліктер мен олқылықтар

бар екенін көрсеткенін айтты. Алдағы жұмыс барысында оларды жою қажеттігін тапсырды. Отырыс барысында 26-бапқа ұсынылған түзетулер талқыланды. Жұмыс тобы мүшелері аталған нормаға ұсынылған өзгерістерге қатысты халықтан түрлі ұсыныс түскені туралы айтты.

Мемлекет басшысы отандастарымыздың пікірін ескеріп, 26-бапқа өзгеріс енгізеуді ұсынды. Сондай-ақ заңнаманы жетілдіру және оның негізгі ережесін түсіндіру шарасын одан әрі жағастыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ Елбасы ұсынылған түзетуді талқылау барысында ел азаматтары жоғары белсенділік танытқанын айта келіп, алдағы реформаның маңыздылығы мен өзектілігін тағы бір мәрте атап өтті. Мемлекет құрылымына ұсынылған өзгерістер қоғамымызды демократияландыру ісін күшейтіп, халық билігінің негізін одан әрі нығайтуға, парламенттің рөлін, үкіметтің президенттік басқару нысаны алдындағы дербестігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Реформаның түпкі мәні де осында жатыр. Бұған қоса, құқық қорғау және сот жүйесі қызметінің конституциялық негізі жаңғыртылып, қалағалау жүйесі жетілдіріледі. Жоба жакын арада Парламентке талқылау үшін ұсынылады.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

25

млн теңге. Нашар оқыған «Болашақ» студенті осынша айыппұл төлейді

10

млн теңге. Қостанайда жастарды жұмысқа тұрғызамыз деп қаржыны қалтаға басқан

143

теңге. АИ-92 маркалы бензиннің бағасы көтерілді

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Қостанай облысында «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасына бөлінген 10 млн теңгеден астам қаржы жымқырылды. Ақша жұмыссыз жастарды аймақты көгалдандыру жұмысына тартуға бөлінген еді. Бұл туралы өңірдегі мемлекеттік кіріс департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Алдан СМАЙЫЛ,
мемлекет қайраткері:

«Билік өкілеттіліктерін бөлгеннен кейін Парламентке бір мандатты депутаттардың келуін қарастыру керек еді. Бір мандат дегеніміз – ешқандай партияда тіркелмеген, өзін-өзі ұсына алатын адам, оны халық сайлап



шығарады. Бұл бізде болған. Бірақ кейінгі кездері алынып тасталды. Мәселен, көрші Ресейде ондай норма бар»

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Трайбализм бар. Мұны ашық айту керек. Дәл бұрынғыдай емес шығар. Әйтеуір, кездесіп қалады. Біреуге дауыс бергенде жұрт оның патриоттығына немесе көкейкесті мәселені қозғағанына емес, қандай



да бір топтың өкілі екендігіне қарап басымдық береді»

Өзекті мәселе

ЖАС ОТБАСЫҒА ЖЕҢІЛДІК КЕРЕК

Мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана алуға үміткер жас отбасының жас мөлшері 29-дан 35-ке дейін өсуі тиіс. Парламент Сенатының депутаты Дархан Қалетаев осындай ұсынысты ортаға тастады.

Ол аталған бағдарлама бойынша жас отбасыларға қойылатын талаптың тым жоғары екенін атап өтті. Депутат «Отбасыларға (жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалар бойынша — автор) пәтер алған кезде жасқа шектеу

қойылады. Кейбір талап бойынша ерлі-зайыптылардың міндетті түрде балалары болуы керек.

Сондай-ақ некеде 3 жыл тұруы тиіс. Өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартуды ойлаған жастар отбасы құруды кейінге қалдырып жатады. Сондықтан (мемлекеттік бағдарламалар бойынша пәтер берілген уақытта — автор) жас отбасылардың жас мөлшерін қайтадан қарап шығу қажет», — деді.

Д. Қалетаев үкімет басшысына ұсыныс жасап, кейбір категориядағы жас мөлшерін 35-тен 39-ға дейін, ал жас отбасылар үшін 29-дан 35-ке дейін көтеру қажеттігін айтты.

Әлеумет.т⁰



Биылғы Оскардың төріне «Ай сәулесі» фильмі шықты. Бұл — біздің ортақ адамзаттық трагедиямыз. Жеткен аялдамамыз. Ортақ мәселеміз. Дертіміз. Жасөспірім буынның келбеті. Экрандағы бейнесі. Фильм Майами қаласында тұратын кара нәсілді гейдің өмірі туралы. Осы тұста отандық кинематографымыз орта ғасырлық тақырыптағы дүниелер түсірсе де, тазалығынан әлі де ажырамаған

мәселелерін қозғайтын деңгейге кетіп қалған.

Тұнып тұрған саясат. Бейне бір адамзатты алдағы орын алатын занды құбылыстарға психологиялық тұрғыдан дайындау. Сананы бейімдеу. Нақты сценарий бар. Оның ақырғы нүктесі де айқын. Себебі мақсатты саясатты жүргізіп отырған күштердің атқаруға тиісті міндеті бар. Жоғарғы миссия бәрінен маңызды. Осы жауапкершіліктің бір міндетін

«ОСКАР» ДА САЯСАТ

күйі артығырақ па деп ойлайсың.

Құбылысқа айналдырып қажет емес. Табиғатынан ажырағанды. Қарсы шыққанды. Құдайдың қарғысын арқалағанды. Мейлі қай деңгейдегі жан жарасы болса да. Пенденін. Қайғысы таусылған ба?!

Жыныстық мәселенің арғы саясаты түсінікті. Жатырға балта шабу. Жаратылыстағы тіршілікке жаңа жүйе енгізу. Жаңа деңгейлі сапаға өту. Адамзаттың тағдырын талқыға салу. Адастыру. Ауру деп түсіндірер. Мейлі. Ең мықты деген психолог анықтама берер. Мейлі. Бұл қалыпты қағидаларды бұзу. Табиғатына қарсы қою. Ең асқынған деген дерттің де пайда болу себебі бар. Мейлі. Оның себебін тылсым әлемнен ізде. Мүмкін қарғыс. Мүмкін тағдыр. Мүмкін қайғы. Бірақ кез келген сауалдың жауабы міндетті түрде бар. Біздің де өз заманымыздың мазмұнына жауап беретін уақытымыз бар. Экрандағы дүниелерімізге де.

Жалпы саясат барлық салада қажет. Ұстаным мен мақсат көп нәрсе шешеді. Мүддені біріктіру келешегімізге деген сенімділік үшін керек. Тандаған бағытымыз жететін нәтижеміздің бағдаршамы.

Экран өнері әлдеқашан саясаттың сенімді құралына айналған. Оның күші алапат. Санаға ықпал жасаудың өтімді тәсілдері психологиялық тұрғыдан зерттеліп, жолдары айқындалған. Ақпарат жойқын соғыс ашуға қауқарлы. Санаға енгізілген жоспарлы бағдарлама уақыт өте өз нәтижесін міндетті түрде береді. Бейсаналық деңгейде жүргізіліп жатқан күрес өз өміріміздің шындығынан қашып құтыла алмайтындай рухани есенгіреудің күйіне жеткізді.

Біз тек кинодағы саясатпен ғана шектелсек. Сөзсіз, ғажайып өнер туындылары бар. Әлемдік кинода. Тандай қағасын. Тамсанасын. Ләззат аласың. Соншалықты қарқынмен дамып кеткен. Бізден әлдеқайда алда. Біз қайдағы орта ғасырлық тақырыптың әңгімесін айтып жүргендей әсерде боласың. Әлемдегі озық ойлы туындылар жер шарының масштабы

сөзсіз экран өнері көтеріп отыр. Жер шарының кино саласындағы жетістіктерін жыл сайын сараптайтын, тұжырым жасайтын байқаулардың бірі — «Оскар». Оскардың тарихында шын мәнінде, сұрыпталған нағыз өнер туындылары қатар түзген. Бейне бір әлемдік кинематографтың қаймағын сүзіп отырған алып аппарат іспетті. Жыл сайын жанашылдық күтеді. Ойлау жүйесінде. Кино тілінде.

Саясат «Оскарды» да айналып өтпеген. Керісінше, әлем назары қайда, сол нысана тиімді. Жарнама да көп күш-жігер де қажет етпейді. Өнердің құдіреті сол, қан тамырының соғысымен ойнайды. Сезімдерінді еріксіз қозғайды. Терендікке шеберлігін жетсе, оқиғадағы ессіз қаламдарды да ақтап алуға болады. Жанды жерінен соқсаң, жағымсыз кейіпкерді де үлгі етіп көрсетуге болады.

Күрес. Өзара жүрсе тиімді. Іштен. Ең бастысы, өзегін салып жіберсең болғаны. Өзгеге кінә арта алмайтындай. Өзге күштердің араласуынсыз өздерінің үнін өздері өшірген ең онтайлы шешім. Бұл — саясат. Идея осы миссияны алып шығатын басты күш. Осы күшті өнердің табиғатымен үйлестірсе, алынбайтын камал жок. Қан төгусіз-ақ.

Жаһандық дәуірде әр көрерменнің бір-ақ таңдауы бар. Арашалау. Өзінді. Алып идеядан. Астарлы. Саясаттан. Құрбандықтан. Қалайда сақтап қалу. Адамшылдығыңды. Адамзатты сұрыптау үдерісі жүріп жатыр. Жан-жақты. Жігерінді сынақтан өткізу. Жүйкенді. Әлсіз болса сындыру. Ішкі дүниенді тонау. Күресе алсаң, рухыңды сақтап қаласың. Тойтарыс бере алмасаң, азғындыққа жол ашасың. Азғындықтың артында өзінді ғана жерлейсін.

Арынды. Барынды. Бейне бір жан сақтаудың күйінде жүрміз. Дәл бүгінгі уақытта. Экрандағы ақпараттық соғыста.

Гүлзат КӨБЕК

кинотанушы,
өнертану
PhD докторы



Ықылас

Өзбекстан көшбасшысы елімізге наурыз айының соңына қарай келеді деген хабар бар. Бұдан бұрын «Шавкат Мирзияев алғашқы сапарында Ресейге барады» деген ақпарат тараған болатын. abctv.kz сайты хабарлағандай, сарапшылар сапар бағытының өзгеруін өзбек элитасының Орталық Азиядағы интеграцияға көбірек назар аударуымен түсіндіреді.



АЛДЫМЕН
АСТАНАҒА
КЕЛЕДІ

Бұл сапар Мирзияевтің ел тізгінін қолға алғаннан кейінгі ұстанатын саясатын айқындайтын сыяқты. Ол Ислам Кәрімовтің көпекторлы саясатын одан әрі жалғастырып, интеграциялық ұйымдардан алшақ тұратынын байқатты. Осыған байланысты, Өзбекстанның Еуразия экономикалық одағына (ЕАЭС) қосылуы өзiрге екіталай.

Өзбекстанда бекітілген сыртқы саясат доктринасына қарап президенттің Қазақстанға келуі осы тұрғыдан алғанда, қиынды екенін көреміз. Ташкент екі мемлекеттің байланысын одан әрі дамыту үшін жұмыс істеп жатыр. Ислам Кәрімов билік еткен тұста да екі елдің арақатынасы алшақтаған жок.

ЖАЛАҚЫ ДА, ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ТЕ ЖОҚ



Қылмыстық іске жеті адамның қатысы бар. Оның ішінде облыстық мемлекеттік бағдарламалар филиалының басшысы мен жекеменшік кәсіпорын иелері бар. Алаяқтар бағдарламаға қатысушылар туралы жалған құжат жасап қаражатты қалтасына басқан. 2014 жылдан бері ұйымдасқан топ жок адамдарды тіркеп, 16 млн теңгені жымқырған. Тергеу барысында айыпталушылар мемлекетке 2 млн теңгені қайтарды. Сонымен қатар іске қатысы барлардың 8 млн теңгеге бағаланған дүние-мүлкі тәркіленді. Алдағы уақытта сот айыптаушылардың тағдырын шешеді.

Аптаның
алаңы

Ерлан БАРЛЫБАЕВ, Мәжіліс депутаты



«Банктің басқарма төрағасы орынбасарының отбасы үш бірдей пәтер сатып алған. Бір қызығы, банктің өзі де, «Бейтерек» холдингі де бұл жағдайды заңбұзушылық деп санамайды. БАҚ мәліметтері бойынша 2013 жылы коммерциялық банктерде ипотеканың пайыздық мөлшерлемесі 20 пайызға дейін жеткен. Ал төраға орынбасарының отбасы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы ипотеканы 4-5 пайызбен алған. Көптеген отандастарымыз екі-үш жұмыста еңбектеніп, ай сайын жүз мыңдап несие төлейді. Әрі олар теңгенің бұрынғы бағамы бойынша қарызын қайта қаржыландыра алмай жүр. Ал банк басшылығының туған-туыстары Астананың орталығындағы сәулетті үйлер үшін бар болғаны айына 20 мыңдай ғана төлейді. Қай кезде қатардағы отандастарымызға осындай мүмкіндік беріліп еді»

(Депутаттық сауалынан)

ҚОҒАМ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жанайқай

(Басы 1-бетте)

Бесікті түзмей болмайды...

Тумай жатып тағдыр тауқыметін тартқан шақалақтың жүрек соғысы да баяу еді. Артынша оны облыстық перинатальдық орталықтағы жансақтау бөліміне жеткізді. Мұндағылар оған «Жұлдызсақтаған» деген есім берді. Шымкенттегі мамандандырылған балалар үйінің бас дәрігері Раушан Оразбаева «Қазір сәбидің жаңдайы бірқалыпты. Бірақ сәбидің анасы

іздістіріп жатыр. Әзірге дерегі шықпай тұр. Бірақ оны Ар жазасы күтіп тұр емес пе? Перзентін шырылдапты жолға тастап кету күнөнің ең үлкені емес пе? Мұны жеңіл жүрісті қыздардың бірі істеуі де мүмкін. Қалай болғанда да, ана деген атқа кір келтірді. Мұны көрген басқа қыздар не ойлайды? Әсіресе, «түнгі көбелектер». Олар ертең құрсак көтеріп қалса, қутылудың ең оңай жолы осы екен деп ауыр күнәға баруы мүмкін ғой. Көкек ана табылып жатса, қосымша хабарлаймыз, — дейді ОҚО ІІД ақпарат және

23.08.2013 ж.

Астанада көкек ана жаңа туған сәбиін пакетке салып, қоқыс жәшігінің қасына қалдырған

22.01.2014 ж.

Теміртауда нәресте қоқыс құбырынан табылған. Жаңа туылған сәбидің бас-сүйегі зақымданды

01.04.2014 ж.

Алматы қаласында зейнеткер қорапқа салынған баланы қоқыс жәшігінің қасынан тапты

20.11.2015 ж.

Алматы облысының Қарасай ауданында бір айлық сәби көшеден табылды

дұрыс жасамаған. Егер ол перзентханада босанып, баласынан бас тартса, ол ешқандай жауапкершілікке тартылмайтын еді. Енді бәрі де кеш. Ертелі-кеш «көкек ана» медициналық көмекке жүгінеді. Міне, сонда қылмысы аныкталса, заң алдында жауап береді», — дейді. Сонғы жылдары көмелет жасқа толмағандардың ерте жүкті болып қалатыны туралы дабыл байланысты деседі. Отбасында жиі кикілжін болатын жағдайда қыздар жылылықты басқа жерлерден іздегізеді екен. Содан кейін ауылдан келген анқау қыздарды пайдаланып кетушілер көп көрінеді. Қалай дегенде де бүгінде қызға қырық үйден тию болмай тұр.

Акушер-гинекологтар мектеп қабырғасында жүріп-ақ жыныстық қатынасқа түсетіндер сіз бен біз білетінінен әлдеқайда көп деседі. Кім білген? Дегенмен, жоғарыдағы оқиға шымкенттіктерді дүр сілкіндірді. Қаладағы «Дау-Мед» емханасының жанындағы қоқыс жәшігінің маңынан үстінен қан кеппеген сәбиді дәрігерлер «оны анасы туа салысымен далада қалдырып кеткен» деп отыр. Сәби табылған күні емханада күзетші болған дәрігер мынадай жағдайға «ананың жүрегі қалай барған» деп басын шайқайды. Өйткені, шақалақ дүние есігін аша салысымен жылы суға шомылдырып барып жөргекке оралудың орнына жерге топ ете қалған. Сол жалаңаш жатқан күйі ақпанның аязында ұзақ жатты.

Көшеден табылған шақалақтың салмағы 2 келі 775 грамм болып шыққан. Далада ұзақ жатып қалғандықтан да, сәбидің жағдайы тым ауыр. — Оның денсаулығында үлкен кінәрат бар. Тыныс алу жолында үлкен кедергі бар. Тыныс алуы өте қиын. Бұл суық өтіп кеткендіктен болуы мүмкін. Сондай-ақ сәбиде Даун синдромының белгілері байқалады, — дейді дәрігерлер. Дүние есігін ашпай жатып, тағдырдың тасы маңдайына тиген сәбидің ертеңгі күні бұлыңғыр. — Сәбиді көмелетке толмаған бойжеткен тастап кетуі мүмкін. Ол ішіндегі тікенен осылай оңай құтылғандығы болып, жаман ойын жүзеге асырған. Түн қараңғылығында оны ешкім байқай қоймаған. Сондықтан ол ізін суытып үлгерді. Бәлкім, ауылға қашып кетті ме екен? Бір жерде тығылып жатуы да мүмкін. Шымкенттік дәрігерлер көкек ананы

мемлекеттік тілді қорғау басқармасының қызметкері Іңкәр Асанова. Қазір тасталды қыз перзентханада жатыр. Тұл жетімнің тағдыры қалай қарай бет бұратыны белгісіз. Бүгінде ата-анасы бар сәбилердің өзі кей ретте дұрыс емделе алмайды. Сонда мына баланың денсаулығын кім ойлайды? Сұрақ көп. Жауап жоқ. Жуырда облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссияның отырысы өтті. ОҚО ІІД Жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Мұсабек Зұлпыхаровтың 2016 жылдың қорытындысын мәлімдеген баяндамасына сүйенсек, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс көбейген. Айталық, көмелетке толмағандармен жасалған қылмыс облыс бойынша 57 пайызға (293-тен 460-қа) өскен. 1089 «киын бала» арнайы тіркеуге алынған. 609 баланың жайсыз отбасыларында тәрбиеленіп жатқаны анықталыпты. Былтыр 89 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсамақ болыпты. Ал облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Раушан Ергашова 91 мектеп оқушысының қылмыс жасағанын жасырмайды. Жоғары оқу орындары мен колледждердің 369 студенті қылмыс жасағаны үшін тіркелген.

19.01.2016 ж.

Жамбыл облысында көкек ана жаңа туған баласын жол бойындағы дәретханаға лақтырып кеткен

05.07.2016 ж.

Алматы облысы Ақши ауылында жантүршігерлік жағдай тіркелді. Бейкүнә сәбиді бұл жолы дәретханада босанып, сол жерде қалдырады

14.02.2017 ж.

Жамбыл облысының Меркі ауылында 34 жастағы келіншек бір жасар қызын бөтен үйдің есігінің алдына тастаған

27.02.2017 ж.

Шымкентте бір әйел күні жетпей босанған нәрестесін банкоматтың жанына жатқызып кетті

Өткен жолы ғана «Жас қазақ» газеті Жамбыл облысының Меркі ауылында бір көкек ананың баласын үй ауласына тастап кеткендігі туралы жазған еді. Ұяң да ұялшақ қыздарымыз — көкек ана, ұлағатты ұстаздар алдын көрген ұлдарымыз — бұзық болса, қоғамда жоғарыдағыдай жайсыз оқиғалар көбеймей қайтесі?

Әй, тегі бізге бесікті түзмей болмас...

Сабырбек
ОЛЖАБАЙ

Түйткіл

ЖЕТІ ЖЫЛ ҚОЙМАНЫ МЕКЕНДЕДІ

Көкшетау қаласындағы жергілікті жұрт «шанхай» деп атайтын Застанционный поселкесінде бес адамнан тұратын отбасы жеті жыл бойы қойманың бір бұрышын баспана етіп тұрып жатыр. Шанхай негізі қысы-жазы миы шығып жататын батпақты, қорысты жерге орналасқан. Жер телімі облыс орталығымен салыстырғанда әлдеқайда арзан. Сондықтан, қауметі шамалы адамдар осы жерді мекендейді. Әсіресе, шалғайдағы шағын ауылдардан үдере көшіп келе жатқандар Көкшетау қаласынан қымбат жер телімін ала алмағандықтан, арзандау деп іргедегі Застанционный поселкесіне қазықтарын қадамақ. Бірақ арзанның жілігі тати бере ме?

Әлеуметтік желіде ел назарын аударған тақырыпты қаузамақ болып, біз де жеттік. Бір қабатты, қызыл кірпіштен салынған қойма екен. Желдің өтінен, жауын суынан кірпіштердің шеті үгітіліп



түсіп жатыр. Кешегі кеңес дәуірінде теміржолдың меншігінде болған, кейін көмір тасумен айналысатын кәсіпкерлердің қолына өткен қойма.

69 жастағы зейнеткер Қонысбай Ахметов ақсақал сыртта жүр екен. Аз-кем тілдестік. Негізі, Қостанай облысының тумасы. Әуел бастағы мамандығы — агроном, сол жақта ұзақ жыл еңбек еткен. Кейін 2000 жылдардың басында Көкшетауға қоныс аударыпты. Көкшетау қайын жұрты екен. Бойдағы күш-қуат кеміп, жігер мұқалуға жақындағанда қайын жұртын

пана тұтқаны ғой. Анық себебін айтпады. Жан жарасын тырнамайтық деп біз де қазбалай алмадық. Тіс жарып түсіндіргені жеті бала тәрбиелеген. Өткен жылы бір ұлы мезгілсіз қаза болыпты, келіннің қолында алты бірдей немересі анырап қалған. Келіні Анастасия Горяева теміржол вокзалында еден жуушы болып жұмыс істейді. Сол манайдағы көнетоз ескі үйлердің бірін уақытша жалдап тұрып жатыр.

Көшіп келген соң Көкшетау қаласынан ойып тұрып, асты тактай, үсті тактай, ортасы шылдырмақтай пәтер алуға қаржылары жетпеген. Алдағы уақытта ала қоюлары күмәнді. Өйткені, Қонысбай ақсақал да, жары Зоя Төтеннова да ең төменгі зейнетақы алады. Шаңыраққа енетін тағы бір табыс көмір базасының күзетшісі есебінде төленетін 25 000 теңге.

Әуелі дәліз іспеттес бөлмеге кірдік. Арқаның аязы сынып, күн райы жылынып тұрса да әлгі бөлме сүп-суық екен. Темір тұтқасының өзі қолды қарып жіберді, ал ішкі көрініс жүректі қалтыратты. Ат айнала алмайтын, атыңыз не, адам айналауға келмейтін босағада тұрып екі аттасаныз, төбеніз төріне тірелетін қуықтай екі бөлме. Ортасында кішкентай пеш. Оң жақ қолда кәдімгі қалыңдығы отыздық тактайлардан құрастырылған керуеуіттен іспеттес жатынжай. Оның үстіне матрас төселіпті. Төргі бөлмеде де дәл осындай аяныштан жанарын кіреуікеленетін көрініс. Бұл бөлмелер сәл-пәл жылырақ көрінді. Бірақ бұл жылу да тітіркенген тұла бойымызды жылыта алған жоқ. Себебі бүгінде өмірдің базарынан қайтып келе жатқан апамыз бен жездеміз жеті бірдей бала өсіріпті. Біреуі өмірден озған, қалған алтауы жер басып жүр. Қазір қолдарында тұратын немересі жергілікті бір кәсіпорында жүк тасушы болып жұмыс істейді.

— Балалар көмектесіп тұра ма, ақсақал? — деп сұрадық тіршіліктің тауқыметі қажытқан Қонысбай ағадан. — Қайдан көмектессін, олардың өз отбасылары бар ғой. — Өкпелейсіз бе? — Жоға тәйірі, қазіргі заманда кімге өкпелейсін. Рас-ау енді, бауыр еті баладан қайыр-көмек болмаса

көлденең көк атты мейірін төге қоя ма? Жок, бар екен. Руслан Асылбеков есімді кәсіпкер, қаладағы орталық мешіттің ұжымы аздап қол ұшын созғанға ұқсайды. Ал қалалық әкімдіктің өкілдері жеті жылдың ішінде бір мәрте келіп кетіпті. Келген, көрген. Тұрмыстарының түрін көріп бас шайқасқан, тандай қаққан. Одан басқа ешқандай ишара жоқ.

Қонысбай ақсақал оларға да өкпелемейді. Қолында тұратын шөбересінің қолынан су ішіпті. Діндарлардың айтуына қарағанда, шөбересінің қолынан су ішкен адам жұмаққа бармақ. Бұл дүниеде көрмеген қызық дәурен бәлкім, сол жақта шығар. Шөбересі қазір суық тиіп ауырып, ауруханада жатыр. Келгесін тағы да бір жұтым су ішеді. Жұмақ дүниені көрмекке.

Байкал ҚАЙЫРЛЫҒЫ



ҚАЗАҚЫ REALISM

14. Геннадий қай спортшының талғамының өзгеруіне себепкер болды?

А) Владимир Кличко
Б) Адриан Гонсалес
С) Джим Лэмпли
Д) Шугар Рэй Леонард
Е) Андре Берто

15. 1-мәтіндегі 8-10-сөйлемдер автордың

ҰБТ-дағы бұл сұрақтың қай пәнге қатысы бар?..

abai.kz



Барды
ұқсату

Жақында мынадай ақпарат шықты. Француз кәсіпкерлері Атырау облысында екі жобаны қолға алмақшы. Бірі – лаванда, екіншісі – бизон өсіру. Issmat investment & finance компаниясы бұған 284 млн доллар жұмсамақ. Лаванда француздың парфюмерия компанияларына жіберіледі. Ал бизон етінің Еуропада жоғары бағаланатыны белгілі. Әрине, осы екі жоба дөңгеленіп жүріп кетсе, елімізге пайда әкелетіні сөзсіз. Бірақ өңгіме онда емес. Бұл жаңалық көптен бері көкейде жүрген бір мәселені жазуға түрткі болды.

КӨКСАҒЫЗДЫҢ ҚАДІРІН

Былтырдан бері мұнай бағасының құлдырауы елде өндіріс түрін көбейту керектігін тағы да еске салды. Мәселен, бізде өсімдік көп. Соның бірі – бак-бак тұқымдас көксағыз. Соңғы 4-5 жылдан бері ол жайында анда-санда айтылып қалады. Көксағыздың пайдасын дәлелдеп, жоғары жақтың табалдырығын тоздырып жүрген жандар да бар. Біраз уақыттан бері осы бір өсімдікті зерттеп, оны барынша тиімді етуге әлемдегі зерттеу топтары арасында бәсеке жүріп жатыр. Қарапайым тілмен айтсақ, оның тамырындағы сүт секілді шырыннан рәзікке алуға болады. Күнделікті тұрмысқа қажет бұйымдарды айтағанда, рәзікке дөңгелек (*шина*) өндірісіне керек. Bridgestone Corp және Continental AG сияқты ірі шина өндірушілер оны зерттеуге миллиондаған қаржы құйып отыр.

Табиғи каучук нарығы шікәмшіл. Сураныс жоғарылаған кезде толығымен өтеуге шама келмейтін кездер болады. Табиғи каучук негізінен, гевея ағашынан алынады. Оны отырғызған соң 7 жылдан кейін ғана каучук береді. Белгілі бір уақыт өткен соң гевея ағашы шабылып, орнына баскасы отырғызылады. Қазір табиғи каучук өндірісімен Тайланд, Индонезия, Малайзия және Вьетнам айналысады. Соңғы жылдары гевея плантациясын жалмайтын жұпалы кеселдің пайда болғаны да арагідік айтылып жүр. Жауын-шашын көп болса, келтіретін зияны тағы бар. Ал біздің көксағыз күйі талғамайды. Тез өседі. Жылыжайда өсірілген көксағыздың құрамында 6 -10%-ға дейін каучук бар. Ал далада өсетін түрінде – 27% . Сондықтан шетел ғалымдары бак-бактын осы түрін барынша табиғи жағдайға бейімдеп өсіруге тырысуда.

Көксағыздың пайдасын дәлелдеу үшін тарихқа көз жүгіру керек. Кеңес одағы индустрияландыруға аяқ басқан 30-жылдары шикізат керек еді. Әсіресе, каучук тапшылығы



қатты сезілді. Табиғи каучук – гевеяның ауылы алыс. Сонау Бразилияда. Аяғынан жана тұрып келе жатқан мемлекет үшін қолжетімді емес. 1927 жылы ғалым Лебедев жасанды каучук өндірісінің технологиясын ойлап тапты. Алайда қасиеті жағынан ол табиғи каучуктан әлдеқайда кем түсті. 1929-1932 жылдары кеңес үкіметінің тапсырмасы бойынша жан-жаққа 100-ге жуық экспедиция аттанды. Олар 1000-нан астам өсімдікті зерттеді. 1931 жылы сондай



экспедицияның бірі – Тянь-Шань тауының шығыс бөктерінде (*қазіргі Алматы облысы Нарынқол ауданында*) көксағызға тап болды. Экспедиция мүшелері балалардың рәзікке ұқсас өсімдік тамырын шайнап жүргенін байқады. Дереву жасалған сараптама оның нағыз каучук екенін анықтады. Зерттеу көрсеткендей, жабайы көксағыз Қазақстанның таулы аймағында, Өзбекстан мен Қырғызстанда өседі. Бірақ күйі талғамайтыны сонша, басқа жерге де бейімделіп кетеді. Көп ұзамай бір гектарға егілген көксағыздан 100, 120, кейде, тіпті 130 центнер каучук алынатын дәрежеге қол жеткізілді. Сөйтіп көксағыз 60-жылдарға дейін кеңестік рәзікке өндірісінің негізгі шикізатына айналды.

Тағы бір дерек. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Жапония Оңтүстік-Шығыс Азиядағы еуропалық отарлардың біраз бөлігін басып алды. Сол кезде

Кәмила МАҒЗИЕВА,
«Көк сағыз ТВ»
ЖШС директоры:

«Еліміз жыл сайын 70 мың тонна табиғи каучук алу үшін қомақты қаражат жұмсайды. Қазіргі таңда көксағыздан каучук өндіре аламыз. Алдағы уақытта тауарды шетелдерге тарата алатынымызды әлемге жариялауымыз керек. Бұл үшін отандық өндірушілер мен көк сағыздан сапалы каучук өндіру бағдарламасына қолдау көрсету қажет. Елімізде жаңа технологияларды жетік меңгерген өте мықты мамандар бар. Сонымен қатар әлемде жоғары сапалы тұқым өндіретін үздік серіктестер де жоқ емес. Егер де каучук өндіруді толыққанды жолға қояр болсақ, әлемдік өндірушілер бірігіп жұмыс жасауға өздері-ақ ұсыныс тастай бастайды»

БІЛДІК ПЕ?

каучук тапшылығы сезілді. КСРО көксағыз өсіру мен оны өңдеу технологиясын АҚШ-қа берді. Американдықтар көксағызды «орыс бак-бағы» деп атап кетті. Қазір де көп жерде осылай атайды.

Соғыс аяқталған соң АҚШ та, өзге елдер де көксағыздан бас тартып, гевея өсіруді қолға алды. Оның үстіне жасанды каучук өндіру технологиясы жетілдірілді. Соның нәтижесінде көксағыз жайына қалып, ұмыт болды. Қазір гевея шырынынан алынатын табиғи каучуктың нарықтағы көлемі азайып, құны көтерілген соң шина компаниялары оны алмастыратын каучук шикізатын іздестіруге көшті. Әлемдік компаниялар баяғы көксағызды еске түсірді. АҚШ, Ресей, Германия,

каучук өндірісін жолға қою қажеттігі соңғы жылдары жиі айтылады. Бұл орайда білім және ғылым министрлігіне қарасты биология және өсімдік биотехникасы институты көксағызды барынша тиімді ету жолында еңбек етуде. БАҚ-та жарияланған ақпаратқа сенсек, Алматы облысында көксағыз өсіру жобасы бар. Бірнеше әлемдік шина өндірушілер еліміздің аумағында зауыт салуға әзір. Егер осы шаруа жолға қойылса, қазақтың көксағызы әлемдік нарықты жаулай алады. Біз одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Мәселен, 2016 жылы әлемдік нарықта табиғи каучуктың бір тоннасы 1200-1500 долларға сатылды. Бұл қайта арзандағаны. Кей жылдары 1 тоннасы 5000 долларға дейін көтерілген.

Болжамға сәйкес, 2020 жылға қарай әлемдік тұтыну көлемі 14,5 млн тоннаға жетіп, сол кезде табиғи каучук тапшылығы 1 млн тоннаны құрауы мүмкін.

Сондықтан аспанға ғана емес, аяғымыздың астына да қарайық. Бірнеше жылдан бері көксағыз өсіріп, каучук өндірісін жолға қою керектігін айтып жүрген Кәмила Мағзиеваның жанаикайына құлақ түретін кез жетті.

Гүлнар АХМЕТОВА

Ұмыт

Еліміз мұнай өнімдерімен ішкі сұранысты 2019 жылдан кейін толықтай қамтамасыз етеді. Бұл туралы энергетика министрі Қанат Бозымбаев хабарлады.

ЕКІ ЖЫЛ ДА
ӨТЕР...




Министр «Мемлекет басшысы өз Жолдауында мұнай өңдеу көлемін арттыру қажеттігін ерекше атап өтті. Үш отандық мұнай зауытын жаңғыртқан соң мұнай өңдеу көлемі 2019 жылдан кейін 14,5 миллион тоннадан 17,5 миллион тоннаға дейін өседі», – дейді. Сондай-ақ ол бензин, дизель отыны, авиаотынның өндірісі артатынын айтты. Мұнай өңдеу зауыты жаңғыртылғаннан кейін іске қосылып, толық жұмыс істей бастаған кезде еліміздің ішкі сұранысын отандық мұнай өнімдерімен толықтай қамтамасыз ететін боламыз. Оның айтуынша, жанар-жағармай бойынша импортқа тәуелділік болмайды.

Сондай-ақ энергетика министрі бензин бағасының қымбаттауына қатысты пікір білдірді. Ол «Біз әрине, жанармай күйі бекетіндегі бағаны қайта тіркей аламыз. Бірақ мұның арты не болады? Жанармай күйі бекетіндегі бағаны тіркесек, сырттан әкелетіндер шығынға батады. Жанармай күйі бекетінде бензин тапшылығы басталады. Біз мұндайdan өткенбіз. Иә, бензин қымбаттырақ, бірақ бар. Жөк бензиннен, қымбат бензин артық. Арзан болса, одан да жақсы болар еді. Дефицит болса, сапасы нашарлайды. Сондықтан үш мұнай өңдеу зауытын қайта жаңғыртпайынша, Ресей нарығына тәуелділік сақталады», – деп мәлімдеді.

Серіктестік

Иран елімізден үш жыл көлемінде 950 тонна уран экспорттамақ. Бұл туралы Алматыда өткен «Иранмен бизнес жүргізу» бірінші сауда-экономикалық конференциясында Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Мұдждаба Дамирчилу мәлім етті.

ИРАН УРАН АЛАДЫ



Оның айтуынша, Иранның уран импорттауға қажетті ұйымдармен келісімі бар болғандықтан, еліміздің уран импорттау жолы занды. Қазіргі уақытта екі ел арасындағы уран бойынша келісімшарттың мақұлдаңғанын күтіп отыр. Ол егер бәрі дұрыс болса, 950 тонна уранды үш жылда сатып алуға әзір екенін жеткізді. Сонымен қатар елші 2016 жылы Иран президенті Хасан Роуханидің Қазақстанға ресми сапарынан кейін 2017 жылы екі ел арасындағы сауда айналымының көлемі артуы мүмкін екенін айтты. Мәселен, өткен жылы екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыс 750 млн АҚШ долларын құралаы. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда 15 пайызға жоғары. Ал биыл нақты қаншаға артатыны әзірге белгісіз.

Жерістік

Алматыдан ұшатын жолаушылар халықаралық рейске ұялы телефон арқылы тіркеле алады. Бұл туралы «Эйр Астана» АҚ-ның баспасөз қызметі хабарлады.



МОБИЛЬДІ ТІРКЕУ БАСТАЛДЫ

Мобильді отырғызу талоны бар жолаушыларға шекаралық бақылаудан өту үшін FAST TRACK жеке үстелше белгіленген. Бұл қызмет Алматы халықаралық әуежайымен ҰҚК шекара қызметімен өзара әрекеттестік арқасында мүмкін болды. Сөйтіп «Эйр Астана» осындай қызметті ұсынатын еліміздегі бірінші

әуекомпания болды. Естеріңізге сала кетейік, 2016 жылы шілде айында ішкі рейстерге мобильді тіркелу енгізілген болатын.

Мобильді тіркелу үшін air astana қосымшасын жүктеп, отырғызу алдында телефонды сканерлейтін құрылғыға жақындату керек. Тіркелу рейске дейін 24 сағат бұрын басталып, бір сағат бұрын жабылады.

Тағдыр
талайы

(Басы 1-бетте)

Жеп-жеңіл, жұп-жұқа перделерді ысырып, саусақтарының ұшымен терезенің әйнегін сипалап көріп: «е, таң атып келеді екен ғой, тәуба, тағы бір жарық күн адамдарға нұрын төгеді» деп іштей шүкіршілік етті. Үнсіз мүлгіген тас қабырға – тастай қатты таяныш. Тастай қатты таянышты таянып жүргелі елу сегіз жыл.

Алакеуімде ұл-қызы есіне түскен. Сағынып жүрген шығар, сірә. Бұл да сағынады. Тастай қатты таяныш тас қабырғаны демеу етіп ас үйге жеткенше қанша уақыт. Сол уақыттың ішінде өзі жалғыз сәт жарқын бейнелерін көру бақыты бұйырмаған перзенттерінің пошымы көкірегіңде тұрып алды. Дәл жүректің басына шер болып, шемен болып әлдене байланып қалғандай. Иә, олар да сағынатын шығар. Тас қабырға – тастай қатты таяныш.

Дәмеш Қалкешқызы Бестөбе елді мекенінің тумасы. Жарық күннің жалқын сәулесін көрген-көрмегені есінде жоқ. Есінде қайдан калсын, туғаннан соң небары үш күн өткеннен кейін су қараңғы соқыр болып қалған. Отбасы кейін 1960 жылдардың бас кезінде сол кездегі Уәлиханов ауданына қарасты «Чапаев» кеңшарына көшкен. Жеті жасында Қарағанды қаласындағы зағиптар мектебіндегі оқуға мүмкіндік

Дәмеш емес, тағдыры ұқсас, мұны ортақ міскіндердің жайы туралы бір ауыз сөз айта кетелік. Алдымен дерек. Кәсіпорын 1959 жылы Халық депутаттары облыстық кеңесі атқару комитетінің шешімімен құрылған, оған дейін бұл ұйым Бұрабай баурайындағы Қотыркөзде болыпты. Бірінші, екінші топтағы соқырлардың басын қосып еңбек еткен. 1979 жылы тауар өндіру жоспары 2 миллион 250



керек шығар. Мұндай жеңілдікпен жалғыз біз ғана емес, 150-ге жуық ұйым жұмыс істейді. Тапсырыс

түсіп, жұмыс болса, зағип жандар уақытпен санаспай, тіпті сенбі, жексенбі күндері де жұмыс істей береді. Әдетте жылдың басында мекемелер



АҚ СӘУЛЕ ІЗДЕП

ӘЛЕМНЕН

немесе зағиптар қоғамындағы көлеңкелі тіршілік



туған екен, тек анасы табан жолын таба алмайтын тырнақтай қызын қасынан ұзатқысы келмеген.

1988 жылдан бері Көкшетау қаласында тұрады. Жаратқан ие де шебер ғой, дәл өзіндей тумай жатып тағдырдан теперіш көрген зағип Сейілхан есімді азаматпен шаңырақ көтерген. Ол кез өмірінің ең бір жарқын, шақты шағы еді. Шуақ зәулім көктегі күн нұрынан емес, жан жары Сейілханның жүрегінен себезілген. Анық күндікіндей болмаса да, Дәмеш үшін бір кемдігі жоқ, бойындағы алпыс екі тамырын қуалай аққан қызыл қанды қыздыратын, өмірдің өкпек желіне тонған жан жүрегін шымырлата толқытып, дидарын алау-жалау қуаныштың лебімен арайлата ажарландырар кезең еді. Әттең не керек, бақытты шақ та өлшеулі екен. Ол кезде сүйеніші тастай қатты тас қабырға емес, Сейілхан болатын. Артында Сейілханның көзіндей болмаса да өзіндей ұл мен қызы қалды.

Бұл дүниеде көрген теперішінің бәрі сынақ деседі ғой. Сынақ қатаң, қатал болған жақсы деседі. Жақсылық ешқайда қашпайды, түбінде бір көресін, үмітін үзілмесін деп жұбатады әлдекімдер. Дәмеш болса сол сынақты әлдеқашан тапсырған. Толығымен, тіпті артығымен. Талайым, тегіс! Сонда да бір сәт мойыған емес. Қайта өмірдің қатал сынағы қарақан басына түскен сайын шарболаттай шыңдалып, қайсарлана түсетіндей. Қыр басында жайқалып қызыл гүл өспей ме, желдің өтінде. Тамырынан нәр алған қызыл гүл кара дауылдың үдей соққан есірек екпініне шыдап тұрар еді. Ал мұның нәрі келер күнге деген үміті. Үміттің жібі ұл мен қызының болашағына байланған. Мен көрмеген жақсылықты, мен көрмеген қуанышты солар көрсе екен деп тілейді. Сол үміт қой жел-құздың екпінінен қорғап келе жатқан.

Қаншама жылдан бері «Қазак соқырлар қоғамы Көкшетау оқу-өндірістік кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде тігінші болып еңбек етіп келе жатыр. Енді жалғыз



мың теңге болса, бұлар белгіленген межеден асыра орындап, 2 миллион 385 мың теңгенің өнімін өндірген. Дәл сол уақыттағы ақшаның құндылығымен мөлшерлегенде өте көп қаржы.

1984–1985 жылдары Көкшетау қалалық партия және атқару комитеттерінің ауыспалы Қызыл Туына бірнеше мәрте ие болған. Кәсіпорында коммунистік еңбектің 180 екпіндісі жұмыс істепті. Қазақ ССР Министрлер кеңесінің Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарымен әлденеше рет марапатталған. Республикалық жарыста төрт мәрте бірінші орын алған.

Ал бүгінде нарық жағдайында еңбек етуде. Он екі мүшесі сау адамның өзі ақбас толқындарын аспанға атқан алапат теңіз іспетті нарықтың айдынында бір жапырақ жанқалай жағалауға шығып қатып жатқанда, он-



терісін бажайлай алмайтын, қияндағы түгілі табанының астындағыны көре алмайтын зағиптардың жайы қиын-ақ.

— Мәселен, біз матрас тігеміз. Біздің өнімдеріміз ауруханаларға, құрылыс мекемелеріне, ауыл шаруашылығы ұйымдарына, оқу орындарына қажетті. Қазір дайын өнімнің барлығы теңдер арқылы өткізіледі ғой. Шикізат қымбат болған соң, өнімміздің өзіндік құны қымбаттап кетеді. Бір ғана мысал келтірейік, матрас тігу үшін мақта қажет. Мақтаның бір келісінің құны онтүстікте 200 теңге тұрса, бізде 500 теңге тұрады. Бір матрасқа 8 келіге жуық мақта керек. Мата да солай. Айналып келгенде, теңдерден ұтылып қаламыз. Оның үстіне біздің кішкентай кәсіпорынның өнімі тігін фабрикаларымен бәсекелесе алмайды.

Олар өнімді көп шығарғандықтан, бағасын арзандата алады. Ал біздің зағиптар бар шаруаны қолмен атқарған соң, өнімді аздау өндіріп, арзанға сата алмайды, — дейді кәсіпорын директоры Батырхан Ахметов, — рас, жеңілдіктеріміз бар. Дегенмен, қиындықты да жасырмай айту

қаржыландырылғанша жұмыс болмай, қол қусырып қарап отырамыз. Сол кезде қиын. Қазір кәсіпорын есебінен жұмысқа шыққан күндеріне арнайы бұйрық шығарылып, 200 теңгеден төлеп отырымыз. Тым болмаса, жол ақысын ақтасын деп.

Айтуларына қарағанда, өнім сапасына өкпе жоқ. Өйткені, зағиптар тіккен бұйымдарын қолдарымен сипалап отырып, қырыс-тырысын жазып, мақтасын түтетіп, өлден бабына келтіріп тігеді. Сондықтан бұлар тіккен матрасың буылтық-бұдырлары бола қоймайды. Тігін цехындағы тігіншілердің айтуына қарағанда, қала тұрғындары базардан сатып алған бұйымдарының кем-кетік жерлерін осында әкеліп жөндетеді екен.

Бұлар ешкімнің мүсіркеуін тілеп отырған жоқ, адам аяғаннан пайда шамалы, Алла аясын, содан соң билік басындағылар. Жалғыз-ақ өтініштері жандарын жалдап істейтін жұмыстың керектігі. Содан соң өнімді өткізетін жағдай туғызылса. Мемлекеттік сатып алу кезінде міскіндердің де жайы ескерілсе.

Қазір кәсіпорында отызға жуық зағип жұмыс істейді, оның 21-і су қараңғы соқыр. Ғалымдардың пайымдауына қарағанда, адамдар ақпараттың тоқсан пайызға жуығын көз жанауы арқылы алады екен. Ал зағиптар 40-50 пайыз ақпаратты саусақтарының ұшымен алады. Дүниенің жақсы-жаманын да,

алдындағы астың жылы-жұмсағын, ыстық-суығын да, бөлменің қараңғы-жарығын да, адамның жақсы-жаманын да, өмірдің әуресі мен көңілдің сәулесін де саусақтың ұшымен ажыратып үйренген.

— Бізге қарағанда сақау мен саңыраудың көрген күні жақсы, — дейді Дәмеш Қоңырова, — олар естіп, сөйлей алмаса да, көре алады ғой. Жарық дүниенің жалқын сәулесін жалғыз-ақ рет көргенде не жетсін шіркін. Мен өзімнің ұлым мен қызымның да түрін бір көрген емеспін ғой.

Көршісі Мұңлық апайдың айтуына қарағанда, пісірген бауырсағының екі жағы бірдей. Ал, палауды қалай басалды. Үйінің іші құрқылтаудың ұясындай жайнап тұр,

көлденен жатқан бір бұрау жоқ.

Кәсіпорында көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Әрбір мерекені өз әлдерінше әйбаттап, әдемілеп атап өтеді. Жыр жаттап, ән салатындары қаншама. Көздері көрмегенмен, көкіректері ояу ғой. Көргенімен оқымайтын, көңілге тоқымайтын көкірегі соқырлар қаншама. Оларға қарағанда, зағип жандардың рухани әлемі көш ілгері.

Айтқандай ұл мен қызына жоғары білім әперіпті. Өсіріп жеткізген. Онай емес, әрине. Қиындық сәби жарық дүниеге келген кезден бастап шырылдаған шаранамен бірге атоялап жеткен. Қызын өмірге әкелгенде кеудесінен сүт шықпай қалған. Өзі зағип болса, сәбиді асырайтын сүті болмаса, не болғаны. Әдетте арнайы тәртіп бойынша үш жылға дейін ана мен сәбиді ажыратады екен. Ал бұл болса көне алмаған, көнбеген. Кішкентай шақалақты қойнына тығып, әулірімдеп алып шыққан. Бакпак, өзі бакпак. Жан жүрегің жылытқан, тар құрсағың кеніткен, иісі мұрын жаратын сәбиін қалай тастап кетеді. Тіпті ана сүті болмаса да. Ана сүтінің орнына қант салып су берген. Біраз уақыт өткен соң картоп пісіріп, оны езіп, сәл сұйықтау қылып аузына тамызған. Сөйтіп өсірген. Қыз бой жетіп өсіп, өзге ошақтың отын жағып кетті. Ұл ер жетіп өсіп, өз өрісін тапты. Бұл болса тас қабырғаны таяныш етіп өмір сүріп жүр. Тас қабырға — тастан берік таяныш.

КӨКЕЙКЕСТІ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



5

Өмірдің өзінен

ПАРТАДАҒЫ

ӘКЕ

Ақмола облысының орталығындағы Мағжан Жұмабаев атындағы көшедегі 111-үйдің жанынан салынған уақытша баспанада балалы болған балалар тіршілік құрып жатыр. Шетін

оқиғаны естігенде талай-талай тағдыр туралы естіп-біліп, шет жағасын өзіміз де жазып жүргенімізбен, тосын әсер еткені соншалықты нанар-нанбасымызды білмей дал болғанбыз. Әдейілеп барып көрдік.



Үкіштей ғана айналымға келмейтін екі бөлме екен. Сәл қоңыр салқын. Сол жақ босағада тактайдан жасалған шағын балалар кереуегінде үйлеп, бір жапырақ шүберекті лыпа қылып тоғыз айлық сәби жатыр. Көнетөз диван үстінде бой жетпеген қыз. Бой жетпегенімен, ана атанып отыр. Аты — Виктория. Жасы 17-де. Қазір кешкі мектепте оқып білім алуа. Ал жары Руслан небары 15-те ғана. Яғни он бес жасар отағасы. №4 орта мектептің 9-сыныбында оқиды.

— Кеше сырт киімім болмай сабакқа бара алмай қалдым, — дейді Руслан, — бүгін күн жылы болған соң тонбаймын ғой деп барып келдім. Үйіміз кішкентай болғанмен отын көп кетеді. Сосын маңайдағы шырпы-бұтақ, сынған тактайды жинап пеш жағып, үй жылытып отырмын. Көмір алуға ақша жоқ.

— **Қарағым-ау, мына қалпыңмен қалай іргелі үй болып кетесің, отбасыңды қалай асырайсың?** — дедім мен қазіргі ұғыммен алғанда, өзінің белі бесіктен жана шығып жатқан отағасына қарап.

— Жұмыстан қашпаймын. Таяу маңдағы автокөліктің дөңгелегін ауыстыратын жігіттермен сөйлестім. Демалысқа шыққан кезде соларға қолқабас етіп тиын-тебен таппақшымын.

— **Ал оған дейін ше?**

Русланның басы салбырап кетті. Мезгілсіз махаббаттың машақаты тын ауыр болса керек. Оның үстіне аптал азаматтардың өзі әрең аркалап жүрген отбасының жүгін

арқаламақ. Күнделікті тіршіліктің зілбатпан жүгі бала бакқан, өзі де бала отағасының иығына түсіп тұр. Көтере алса жарар еді.

— Егер жағдайымды естіген жанашыр жандар табылып, азық-түлік, киім-кешек, әсіресе кішкентай бөбегім Радмир мен күйеуім Русланға сырт киімдер әперіп жатса, жақсы болар еді, — деп қояды Виктория.

Виктория екеуінің ата-анасы туралы қамырлан қыл суырғандай жайлап сыр сабақтағанбыз. Екеуі де бұл тақырыпқа төніректей қоймады. Бар ұққанымыз, екеуінің де ата-анасы дәм-тұзы жараспай, айырылысқан екен. Мынау уақытша баспананы Русланның әкесі беріп отыр. Бар көмегі сол. Өйткені, өзі де жұмыссыз. Викторияның анасы да көмектесе алмайды. Демек, сырттан келер көмек жоқ.

Киер киімге, ішер асқа жарымай отырған үш баладан құралған отбасының бар жағдайы осындай. Қазір окта-текте қайырымды адамдардың демеуімен оқитын мектеп ұжымы, оның басшылығы, сынып жетекшілері қайда қарап отыр?!

P.S. *Өткен жылы облыста 60 жасөспірім қыз бала жүкті болып қалған, 27-і жасанды түсік жасаған.*

Бетті дайындаған Байкал БАЙӘДІЛОВ
Суреттерді түсірген Берік ЕСКЕНОВ

Дәу-дамай

ИТ ДЕП ТАЗЫНЫ АТТЫ



Павлодарда қаңғыған иттің орнына қазақтың қастерлі тазысын қырып салды. Осы жағдайға байланысты Баянауыл аудандық мал дәрігерінің бас маманы Дүйсет Әмірханов қаңғыбас иттердің атылатыны жайлы тұрғындарды хабардар еткенін айтты.

Ол «Ауыл тұрғындарының өздері қаңғыбас иттерді қаптап кеткені туралы арызданды. Олар жануарларға ғана емес, балаларға да шабуыл жасаған. Нәтижесінде ауылда 67 қаңғыған ит атылды», — дейді.

Қырылған иттердің арасында Қуаныш Жағыпаровтың да тазысы болған. Оның айтуынша, сегіз күнде жиырмаға жуық ерекше тұқымды ит өлтірілген.



COMMENT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Шығыс жыл санауы бойынша биыл тауық жылы. Соның әсері ме білмедік, әйтеуір Өзбекстан президенті Шавкат Мирзияев Нүкісте «ауылда тұратын әр отбасы кемінде 100 тауық ұстауға міндетті. 100 тауықтан аз дегенде 50 жұмыртқа алып, оның 40 данасын сатып отырса – кедейлер болмас еді» депті. Иә, жылқының еті тұрғанда қой етіне мұрын шүйіретін қазекең бұған күле қарауы мүмкін... Бірақ күлмес бұрын осы сөздің астарына терең бойлап алған дұрыс па деймін? Сонымен, «бір тауыққа бір тауық, үн қосады қыт-қыттап» деп, әңгімемізді бастайық...

АРБАКЕШТІҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ

1978 жылы студент едік. ҚазМУ-дың 3-курсын бітіріп, Шымкенттің Шаян ауданына шабашқаға кеттік. Тамыздың ортасына жұмыс біткесін, киім-кешек алайық деп төрт жігіт Тәшкен бардық. Түннің бір уағында автовокзалда кораланып тұрсақ, тәшкі сүйреген өзбек жігіті келіп: «конакүйге көмектесейін бе?» дегені. Қуана келістік. Ол телефон-автоматтан біреуге қонырау шала бастады. Сағат түнгі үш. Шамалыдан сон: «Орталықта комсомолдың «Юность» деген қонакүйі бар. Бірінші хатшымен сөйлестім. Сіздерге орын дайын. Таксимен бара беріңіздер» деді. «Опырым-ай, бұл не деген май шелпек» деп, тан қалып біз тұрмыз. Танымайтын тәшкәші өзбек жігіттің қолына бір сом ұстатып, қонакүйге тартып кеттік... Келсек, бейнебір, ресми делегация



қолымызда екі пакет толған ақша. Ташкент базарында ірі ақша болмай, өз қалтамдағы 26 мың теңгені үш сумдықтарға айырбастағам: сөйткен 260 мың сумым пакетке симасы

әзер бар ма? Базарбайда одан да көп, бір жағынан соған да аландаулымыз... Түн жамыла Гүрлен қаласына келіп жеттік. Базарбайдың ағасы Мәттісіп ака палауын дайындап, күтіп отыр екен, дастарқанға жайғастық.

Мәттісіптің өзі отыратын болды. Қасында жасы 80-ге келген, үлкен қызынан құдасы отырды. Ол да имам. Артқы жақта біз. Танертеңгі шәйден кейін жолға шықтық. Өзбекстанда біздегідей шетел машиналары жоқ, кілең кеңестік заманнан қалған машиналар мен Өзбекстанда жасалған «Нексиалар», «Маттистер». Келе жатырмыз. Терезеден соққан жел жанға рахат. Бір уақытта үлкен құда Мәттісіпке: — «Құда машинәнн жүлә жақсы екен» деді. Мәкен рулге конжия түсті. Алда кіл жастар мінген «Нексиа» кетіп баралы. Үлкен құда айтты: — «Анау Нексиядан оза аласың ба?» деп. Мәкен: — «Сол да сөз боп па!» деді де, газды басты. Жастар да қағынған екен, жарыса жөнелді. Бос жолда қатарласа жүйткіп келеміз. Бір уақытта, біздің машинаның доңғалағы

шоқалакка тиіп, бағанадан істемей келе жатқан радио Өзбек радиосындағы жалғыз шетел эстрадасы арнасына бар даусымен қосыла кетпесі бар ма? Осылай, даңғырлаған музыкамен қышпақ көшесіне ендік. Көше бойы жүргендер сақалдары желп-желп етіп, бір қолы такияда, екінші қолы рулде және ұстағышта отырған екі имамның музыканы барынша бакыртып, зулап бара жатқанын көріп «астапыралла, астапыралла» деп жатты... Олар бұлардың радионы өшіруге де, арнаны



Cib, cib, jujalarim
Cib, cib, cib, cib, jujalarim
Menim qasang jujalarim
Gozleyirem jujalarim!
Cib, cib, jujalarim

Әрине, өзбектер негізінен, суармалы жерлерде шоғырлана орналасқандықтан, онда жайылым мәселесі өткір. Тіптен, аз ғана малын арық-арық жағасында жетелеп бағып жүр. Неткен енбеккорлық десенші! Әрине, Қазақстанмен шекаралас аудандарда жайылымдық жерлер бар. Бірақ ондағы халық көшпенді мал шаруашылығына айтарлықтай бейімделе алмай жатыр. Сондықтан, президент Шавкат Мирзияевтың Нүкістегі сөзінде тек «тауық мәселесі» айтылмаған болар деп ойлаймын. Кең мағынасында, ол көтерген мәселенің астарында «ұлт денсаулығы» және «ұлттық тәрбие» тұр: себебі, егер ұсынысты өзбекке тән енбеккорлықпен, ыждағаттылықпен ұштастырса, онда бұл табиғи азық-түлік өндірісін дамытуға, халықтың денсаулығын жақсартуға, халықтың іскерлік қабілетін оятуға ықпал етері сөзсіз...

Бірақ бізде өзбек президентінің бұл сөзіне мысқылмен қараушылар болды. Оларға: «мысқылды қоя тұрып, осы бағыттағы бизнесті қолға алайық деңіздер» дер едім...

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
«Не хабар?» газеті



келгендей қызметшілер аяғынан тік тұрып, күтіп жүр, қалаған орынға орналастырып, бөйек болды! Менің Өзбекстанмен таныстығым осылай басталып еді...

ЕТТІ ЕЛІҢЕ БАРЫП ЖЕ!

Екінші таныстығым елдің бәрі саудаға бет бұрған 90-жылдардың қиын кезеңіне тап келді. Бірде қытайлық ұйғыр саудагеріне делдал болып ғылым докторы Қасым ағамен (фамилиясын ұмыттым) Тәшкенге келдік. Ол осы жақтың тұмасы. Алдымен, сағыныш болар, Қасым ағаның балалығы өткен көне шаһардың ирек көшелерін ұзақ араладық. Түске Төле бидің (өзбектер Қарлығаш би дейді) басына барып, құран бағыштап, шыға келе өзен үстіне салынған дәмханаға бас сұқтық. Онда бір жағымсыз жағдай болды: аспаз қазақ екенімізді біліп «етті елдеріне барып жейсіндер» деп, палауға ет салмады. Стол басында Қасым аға осыны қынжылып айтты... Сол кезде көрші столда коньяк ішіп, тойлап отырған 3-4 жігіттің бірі әңгімемізді естіген болуы керек, орнынан тұрып кетті... Аздан соң біздің дастарқанға буы бұрқырап, еті мол жана палау келді. Ал әлгі өзбек жігіті өз қандасының қателігі үшін кешірім сұрағанда, намыстан жарылардай боп отырған Қасым аға жылап жіберген еді...

ХОРЕЗМГЕ ҚҰДАЛЫҚ САПАР

Алматыда қазаққа сінген Базарбай деген өзбек жекжатым бар. Ол баласының үйленуден жолы болмағасын, «өзбектен қыз айттырамын» деп менен құда ретінде еруді өтінді. Сөйтіп, 2005 жылдың жазында «құдалар» Өзбекстанға келдік. Алдымен Тәшкенде Базарбайдың күйеубаласының үйінде қондық. Байқағаным,



балалар орыс тілінен алшақтап, таза өзбектеніп үлгеріпті. Көшеде кездескен өзге ұлт өкілдерінің бәрі де өзбекше сайрап тұр. Менін оларға қызыға да қызғана қарағаным рас...

Келесі күні Хорезм облысына аттандық. Жол ұзақ. Жол-жөнекей таксист қазақтарды жамандап анекдот айта бастады. Әңгімесінің таусылар түрі жоқ. Бірін түсініп, бірін түсінбей мен отырмын. Сосын Базарбай оның құлағына «ортамызда қазақ отыр» деп сыбырлап еді, әңгіме сап тиылды. Базекен болса «булар таза емес, парсы шатыстар» деп жуып-шайған болды... Екеуіміздің

Көрші қоландар, мәккаланың сыйлы адамдары жиналыпты. Әңгіме барысында олар біреулері баласының, біреулері туысының Қазақстанда жұмыс жасайтынын мақтанышпен айтып отырды. Олар үшін бұл мәртебе екені білініп тұр. Көк шй ішкеннен кейін сыртқа шықтық. Біраз адам мені «жағалап» жүр. Әңгіме төркіні «Қазақстанға қалай бару керек?», «Жұмысты қалай табуға болады?» деген сұрақтар төңірегінде. Кейбірі менің көмегімнен «үмітті» екендерін де жасырмады...

«КӨТТА ҚОШҚАР»

Ертесіне құдалыққа барғанда бір қызық жағдай болды. Әдетте, өзбектер қонақ күтер залды кен салады, жерге көрпе төсеп, қос-қос жастықтан береді. Ол жағынан келгенде қазақтан айырмашылығы шамалы. Үзеттілігі жағынан көш ілгері десе де болады. Осылай, жайғасқан соң әңгімелерін айта бастады. Негізі, хорезмдік өзбектердің тілі қазаққа біршама түсінікті. Сірә, олар ішкері жакка еніп, парсытілдес халықтармен араласып кеткен кандастарына қарағанда, біздің (қазақпен) бір ел болып тұрған кездегі тілдерін көбірек сақтаған сынайлы. Және, «Хорезм мақамдары» деген атпен танылған әндерін қатты мақтаныш етеді. Оның үстіне ұзақ дастандар айту дәстүрі де бұл жерлерде сол қалпында сақталып қалаған. Сондықтан, мен оларды біршама толық түсініп отырдым. Сонымен не керек, кешігіп қонақтары келіп жатты. Кіргені іліліп сәлем бере: «Әй,әй! Неткен көттө кошқар — нағыз кошқар екен жүдә» деп айтудан жазбады. Сосын мен ойға кеттім: «сыртта адам айтқысыз бір кошқар байлаулы тұрған болар» деп. Аздан соң, сылтау тауып сыртқа шығып, кошқарды іздейін. Сөйтсем, дарбаза алдындағы аздаған көкке

үлкендігі ерте туған қозыдай, иілген бас бармақтай мүйізді кара кошқар арқандаулы тұр. «Оу, құдалар, көттө кошқар осы ма?» деп сұрасам, бәрі бір ауыздан «Осы! Осы!» дейді қалбалақтап.. Шыдай алмадым: «Бізде үлкен табак тартудың алдында қуырдақ деген болады. Мынадай кошқар соған сойылады» деп едім, өзекендер біразға дейін үнсіз қалды...

Олар ойлады: — Мына қазақ өзбектердің келген үйге бір затын мақтай кірірін ұқпай тұр деп...

Мен ойладым: — Өзбек ағайындар мақтаса да, мына кошқардың соншалықты мақтауға тұрмайтынын қалай айтпаймын деп...

«ШУМАХЕР»

Қудаларды Хиваға апарамыз деді. Ол Гүрленнен 50-60 шақырымдық жер. Оған Мәттісіп эканың «Москвич» машинасымен баратын болдық. Рулге бұрын өмір бойы «Жедел жәрдем» машинасында шопыр болып істеген, қазір мәккала мешітінің имамы болып істейтін



Сапар

Санкцияға қарамастан, Ресейде ауыл шаруашылығы дамып келеді. Мұны осы елдің федералдық кеңен қызметінің деректері растайды. Былтырғы 11 айдың көрсеткішіне зер салайық. Түркиядан алынуы тиіс қызанақ 2015 жылмен салыстырғанда 419 мың тонна (30,7%) азайған, ал қиярдың кірісі 97,4 мың тонна (10,7%) төмендеді.

АГРОПРОТЕКЦИОНИЗМ

Түркиядан экспортқа тыйым салынған көкөністер тізімінде пияз 185 мың тонна (41%), ал қырықкабат 90 мың тонна (49,1%) азайды. Ресейдің 160 га қылыжайынан алынатын өнім былтырға қарағанда, 691 тоннаға (8 %) өсті.

2015 жылы Түркия Ресейге 875,4 млн долларды құрайтын экспорт жасады. Ал бұл көрсеткіш 2016 жылы 331,7 млн долларға (62,1%) азайды.

Санкцияның ауыл шаруашылық саласына пайдасы бар ма?

Ресейдің санкциясы тек Түркияға емес Еуроодакка, АҚШ, Канада, Норвегия және Австралияны да қамтиды. Бұл өлкелерден ет, сүт, көкөніс, жеміс-жидекті сатып алмай, өзі өндіруді қолға алып отыр. Алайда Ресей басшылары бұл санкцияларды жүзеге асыруға құлшынып отырған жоқ.

Ресей медиасының ақпараттарына көз салсақ, аталған мемлекеттермен қатар түрік азық-түліктерінің де орын алғанын байқаймыз. БАҚ санкцияның басты мақсаты — Ресейдің өз өнімдерін қолдауы болып табылатынын айтады.

Ресейдің премьер-министрі Дмитрий Медведев жақында жасаған мәлімдемесінде «Ресейдегі фермерлер санкция арқасында

емеспіз. Біз үнемі «қырғыз-қазақ бір туған», «өзбек — өз ағам» дегеннен жаңылған емеспіз. Тек, Кеңес заманының жымысқы саясаты бауырлас өзбек пен қазақ халқы арасында бәсекелестікті өршітумен болды. Нәтижесінде, қазақтар орыс халқымен тілдік-мәдени ассимиляцияға көбірек ұшырап, ал өзбектер оны жат санап — екі халықтың арасына көзге көрінбетін сына қағылғаны рас. Бірақ тарих Қазақ хандығы құрылғанға дейін «протоказактар» және «протоөзбектер» бір мемлекеттік кеңістікті құрғаны туралы айтады. Осыны Әл Фарабидің 1100 жылдығы алдында Ташкент қаласында өткен конференцияда «фарабитану» ілімінің негізін қалаушы, ҒА корреспондент-мүшесі Ағжан Жақсыбекұлы Машанов айтқан болатын. Сондықтан, өзбек халқының жағдайына біз де бей-жай қарамауға тиістіміз.

Тәуелсіздік алғаннан бері өзбек халқы еселеп өсті. Қазір онда 32 млн 121 мың адам тұрады. Ділі мен тілін сақтап, дамытып жатыр.

Дереккөзі: «Anadolu» — агенттігі (Түркия)
Аударған Әбдіманап КЕҢЕС

Шырғалаң

АТЫРАУЛЫҚ АСЛАН – УАХАБИЛІК АҒЫМҒА ЕРУШІЛЕРДІҢ БІРІ. (БЕЛГІЛІ СЕБЕПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ТЕГІ АТАЛМАЙДЫ). СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫНАН БЕЛГІЛІСІ, АСЛАНЫҢ ҰСТАНҒАН «ІЛІМІ» РАДИКАЛДЫҚ ИДЕЯЛАРДАН ТҰРҒАН. ДІНГЕ ӨЗ БЕТІНШЕ ІЗДЕНУМЕН КЕЛГЕН ОЛ, ІЛІМДІ ТҮРЛІ ҒАЛАМТОР САЙТТАРЫНАН АЛА БАСТАЙДЫ. СИРИЯ СОҒЫСЫНА БАРЫП ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫНА ДА СОЛ ИНТЕРНЕТТЕН ТАПҚАН «ҰСТАЗДАРЫНЫҢ» «ЖОЛ КӨРСЕТУІ» ЫҚПАЛ ЕТСЕК КЕРЕК.


Бұл ойын жігіт жұбайы Назгүлге айтады. Сөйтіп, бұлар екі бірдей сәбиімен бірге Сирияға аттануға бел буады. Жолға жеткілікті каражат жинау үшін, Аслан 2013 жылы шыққан «Hundai Accent» көлігін өзі сияқты радикалдық идеяны ұстанып жүрген досына 650 мың теңгеге сатып жібереді. Бірақ бұл ақша тұтас отбасын әкетуге жеткіліксіз еді. Сол себепті Аслан Сирияға әуелі өзі аттанып, әйелі мен балаларын кейін алдыртпақ болады. Жоспары сәтті шығуы үшін, жұбайының атына нотариалды куәландырылған сенімхат жазып кетеді. Онда әйеліне кішкене сәбилерді Қазақстанның кез келген

жарияланған Аслан да, оның жұбайы Назгүл де 1989 жылы туған. ДАИШ жендеттерінің қатарын толықтырып жүрген отандасымыздың бірі — Сағынбек. 1989 жылы туған атыраулық жігіт те қазір, өзінен үш жас кіші әйелі Балаузаммен бірге Сирияда жүр. 2014 жылдың 14 ақпаны күні мемлекеттік шекараны кесіп өтеді. Астрахан арқылы Ыстамбұлға жеткен бұл отбасы да, өзімен бірге сол кезде әлі бір жасқа да толып үлгермеген кішкене сәбиді алып кеткен. Түркия арқылы Сирияға отбасымен бірге зансыз өтіп кеткен



АСЛАН МЕН САҒЫНБЕК ТӨЖІР СИРИЯДА

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, ДАИШ қазір 3,5 мың адамды құлдыққа ұстап отыр. 1-9 жас аралығындағы сәбилерді 165 долларға, 11-16 жас аралығындағы жасөспірімдерді 124 долларға, 20 жаста жоғарыдағыларды 80 долларға сатып, қылмыстық жолмен ақшаның астында қалып отырған ДАИШ террористері өз ұстанымын әлемнің әр түкпіріндегі пікірлестеріне де таңып жатыр.



қалаларына және Ресей, Түркия, Германия елдеріне алып жүруіне рұқсат беретіндігі айтылады. Сөйтіп, Атырау облысының шекаралық аймағы саналатын Құрманғазы ауданы арқылы Астрахан қаласына автокөлік транспортымен жеткен жігіт, сол қаладан Мәскеуге ұшып кетеді. Мәскеу арқылы Ыстамбұлға жетіп, отбасын осы қалада күтеді. Бұл 2014 жылдың 26 маусымы еді. Арادا тура бір жыл, төрт күн өткенде әйелі Назгүл күйеуі жіберген ақшаны алып, балаларымен бірге жолға шығады. «Атырау — Ыстамбұл» бағытындағы №869 чартер рейспен Түркияға жеткен әйел-баласын күтіп алған Аслан отбасымен бірге Сирияның шекарасына зансыз өтіп кетеді. Оларға халықаралық террористік ұйым ДАИШ-тің жендеттері көмектеседі. Дәл қазіргі таңда Аслан ланкестік ДАИШ ұйымының құрамында соғысып жүр. Айта кету керек, халықаралық іздеу

Сағынбек те қазір «жиһад» деген желеумен жат жерде жүр.

ТЕРРОРИЗМ ТАБАЛДЫРЫҒЫМЫЗҒА ЖЕТТІ

Жақында британиялық «Би-Би-Си» телерадио корпорациясы террористік шабуылдар кезінде қаза болғандардың әлем бойынша қанды дерегін жариялады. Қараныз, бір ғана 2016 жылдың шілде айында лаңкестік шабуылдар кезінде әлемде 1580 адам (!) қаза тапқан екен. Бұл бір ғана айдағы (!) көрсеткіш. Соның өзінде «Би-Би-Си» журналистері статистиканың нақты емес екендігін айтады. «Себебі Ирак, Сирия елдерінен толыққанды ақпарат алу қиындық тудырды» дейді олар. 2016 жыл Ақтөбе мен Алматы қалаларында орын алған террорлық актілермен есте қалды. Ақтөбедегі қанды қырғын кезінде төрт бейбіт тұрғын, үш әскери окка ұшты. Алматыдағы ланкестік шабуыл алты адамның өмірін жалмады. Осы жағдайлардың барлығы ланкестіктің шекара таңдамайтынын және терроризмде тілдің де, діннің де, ұлттың да болмайтынын көрсетіп отыр.

Сирияны қанды қырғын алаңына айналдырған ДАИШ сияқты террористік ұйым жендеттерінің санын толықтырып жатқандардың ішінде өзіміздің қарақөздеріміздің жүргені де жаналық емес. Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекебаев 200-ден астам жерлесіміздің Сирия мен Иракқа аттанғанын мәлімдегені де есте.

Бұған дейін Ресей мен Түркия арқылы отты аймақтарға асқан бір ғана атыраулықтардың саны 73-ке жеткенін хабарлаған болатынбыз. Атырау облысы ішкі істер департаментінің Экстремизмге қарсы күрес басқармасының басшысы Ербол Оңғаровтың айтуынша, олардың арасында көмелетке толмаған 42 бала да бар. «40 адам — халықаралық іздеуде жүргендер. Шетел аскандардың ішінде, экстремизм бабы бойынша сотталғандардың туыстары да бар. Профилактикалық жұмыстар нәтижесінде бір отбасы бес

Қарулы қақтығыс аймақтарына Ресей мен Түркия арқылы асқан бір ғана атыраулықтардың саны 73-ке жетті. Олардың арасында көмелетке толмаған 42 бала да бар. 40 адам — халықаралық іздеуде жүр. Шетел аскандардың ішінде экстремизм бабы бойынша сотталғандардың туыстары да бар. Бүгінге дейін бір отбасы бес баласымен елге оралды.

баласымен елге оралды» деген еді жедел уәкіл ресми жиналыстардың бірінде.

18 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

«Жыныстық жиһад» деген азғындық акциясын да кезінде ДАИШ террористік ұйымының баскесерлері жариялағаны белгілі. Әлемнің түкпір-түкпірінен ағылған анқау қыздар, кателескенін кеш түсінді. Жыныстық жиһадтан бас тартқаны үшін, ДАИШ баскесерлерінің езидтердің 19 қызын өткен жылы тірідей өртеп жібергені де естен кете қойған жоқ. Ирактың Мосул қаласында орын алған бұл қанды оқиға әлемді дүр сілкіндірген еді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, ДАИШ қазір 3,5 мың адамды құлдыққа ұстап отыр. 1-9 жас аралығындағы сәбилерді 165 долларға, 11-16 жас аралығындағы жасөспірімдерді 124 долларға, 20 жаста жоғарыдағыларды 80 долларға сатып, қылмыстық жолмен ақшаның астында қалып отырған ДАИШ террористері өз ұстанымын әлемнің әр түкпіріндегі пікірлестеріне де таңып жатыр.

Жедел уәкіл Ербол Оңғаров келтірген мына деректер бұл сөзімізді нақтылай түседі. Жат ағымның жетегінде жүрген атыраулық азаматтарға қатысты өткен жылы 18 қылмыстық іс қозғалған. Оны айтып отырғанымыз, дін атын жамылғандар негізінен жезөкшелердің жын ойнағына жағдай жасап, жегетайлықпен айналысып келген. Адамдарды күштеу жолымен бас бостандығынан айырып, ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, есірткі сақтағандары да табылды.

«Ұсталғандардың арасында қару-жарак сақтау, адам өлтіруге дайындалу, көлік құралының сәйкестендіру нөмірін жасау, ұрлық, көмелетке толмаған адаммен жыныстық қатынас жасау фактілері бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар да бар. 476 дана баспа өнімі, 11 атыс қаруы тәркіленді» деген спикер сөзінен, дін атын жамылған салафилік, уахабилік, төкфір ағымын ұстанушылардың, тап таза қылмыспен айналысып жүргендеріне кезекті рет көз жеткізуге болады.

Р.С. Жат ағымның жетегінде жүргендерді жәліктірген қандай күш? Қан төгуге шімірікпей ұмтылудың артында не тұр? Жастарымыздың мешіттен гөрі, ғаламторды жөн көріп, имам-ұстаздан бұрын, мұхиттың ар жағында отырған белгісіз біреулерге жегінуді қалыпты жағдайға айналдыруының сыры неде? Өкінішке қарай, бұл сұраққа әлі жауап жоқ.

Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау қаласы

Пікір

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының тізгінін Александр Бородюк ұстады. Бірнеше күннен бері елді елеңдеткен жаңалық ақыры расталды.

Бородюк қазақ жанкүйерлеріне Алматының «Қайратына» 99 күн бапкер болуымен таныс. Өткен маусымда «Қайраттың» бас бапкерлігіне шақырту алған маман 4 ай ішінде жауынгерлік құрам жасақтауы тиіс болған. Бұған «Қайратта» барлық жағдай бар еді. Инфрақұрылымы еуропалық клубтардан кем емес ұжымның талабы да жоғары. Мамандар мен қарапайым жанкүйер «Қайраттың» ойынын тағатсыздана күтті. Алайда «Қайрат» аутсайдер саналатын Оралдың «Ақжайығы» мен «Тараздан» ұтылып, Көкшетаудың «Окжетпесімен» ұпай бөліскеннен кейін ресейлік маман ұжымнан кету туралы өтініш жазды. Сол бапкер биыл қайта оралып, ұлттық құрамаға бас бапкер боп тағайындалды. 2008 жылы Гус Хиддинк баптаған Ресей құрамасымен Еуропа чемпионатының қола жүлдесін иемденген Бородюк Қазақстан құрамасына қаншалықты сіңісіп кете алады? Алматы командасының қарық қылмаған маман жергілікті футболшылармен қаншалықты тіл табысады. Қала берді қазақ жеріне допты түзу тебуді үйретуге келген ресейлік бапкерді көрген жоқпыз. Бұдан қазақ футболы не ұтады? «Ауызы күйген үріп ішеді» деген тәмсілді Футбол федерациясы білмей ме? — деген ойға қаласын. Тіпті Ресейдегі «Чемпионат. com» порталы да Бородюкті «Қайраттан» кету себебінің бір ұшы ойыншылармен дұрыс тіл табыса алмауы, оларға футболдың қыр-сырын жетесіне жеткізе алмауында жатыр» — деп топшылайды. Тұрақсыз бапкердің қатарына жатқызылып жүрген жаттықтырушыны әкелуге кім себепкер болды екен? Ертен 2-3 ойында жеңіліп жатса, Қазақстанды

бір гол айырмасымен ұтты. Ойын барысында Ұлан Қонысбаевтың аяғы сынып, Танат Нөсербаев бастаған футболшылар Қытай ойыншыларымен қақтығысып қалды. Осыдан кейін Талғат бапкердің жауынгерлік құрам жасақтап жатқанына көзіміз жетті. Бірақ көңілді күпті еткен бір ойын Бішкекте өтті. Көршіміз қырғыз командасы қос тамаша доп соғып, тұңғыш рет біздің құрамына жеңді. Жанкүйерлер көңіліндегі ала бұлтты сөйіткен қыркүйектің басындағы Польшамен өткен ойын болатын. Екі доп айырмасымен жеңіліп жатқан казактар жігерленіп, Хижниченко соккан қос доппен есепті теңестіріп, Левандовски бастаған поляктарды есенгіретіп тастады. Бұдан кейінгі ойындар Монтенегро (*Черногория*) командасымен 0:5, Астанада румындармен 0:0 аяқталды. Соңғы ойын қарашаның 11-нде өтті. Копенгагенде Даниядан 1:4 есебімен жеңіліп қалдық. Сөйтіп, әзірге 2018 жылы Ресейде өтетін әлем чемпионатыныңың іріктеу компаниясының «Е» тобының соңғы орнында қалып қойса да , Талғат Мәруанұлының ешбір бапкер жасамаған істерін тізбелей кетсек.

1. Тізімде ғана емес, жасыл алаңда қазақ футболшыларының көп ойнауы. Соңғы кездесулерде Исламхан, Ахметов, Байжанов, Мұжықов, Молодцоваев, Тұңғышбаев, Қуат, Бейсебеков сынды ойыншылардың тартылуы құтқарлық іс екені рас.
2. Қазақ қақпашылардың құрамаға шақырту алуы. Стас Полатилов №1 қақпашы екені даусыз. Алайда Алмат Бекбаев пен Самат Отарбаев оны қай кезде де алмастыруға бек дайын.



БОРОДЮК КЕЛДІ. БІЗДІҢ ҚҰРАМА НЕ ҰТАДЫ?

орта жолдан тастап кетпесіне кім кетіп? Сонда қайтадан Байсопыновка жүгінеміз бе?

Аз-кем шегініс жасасак... Ұлттық құрамамыз тәуелсіздік алғаннан бері 14 бапкердің қызметіне жүгініпті. Соның тоғызы отандық маман болса, қалған бесеудің шетелдік. Сол бесеудің екеуі Ресейден келген бапкер.

2003 жылды Ресейден Леонид Пахомов келгенде бәркімізді аспанға аттық. Бір жыл, екі ай жаттықтырушылық жасаған орыс маманы 9 ойын өткізіп, екі рет тең нәтижеге әрен қол жеткізіп, қалған ойында жеңіліс тапты. Ойыншылардың тізесінің дірілдеуін баса алмаған Пахомов еліне абыройсыз қайтты.

Көршілес елден келген екінші бапкер Юрий Красножан еді. 1 жыл 7 айда Латвияны ұтып, бір рет тең ойнап, Исландия жерінде бір ұпай олжалады демесеніз, «Қызылжанның» (*қазақ жанкүйерлерінің берген лақап аты*) да жетістікке жеткені шамалы екенін бағамдау қиын емес. Бірақ тактикалық тұрғыда сауаттылық танытқан Красножанды жанкүйерлердің біраз бөлігі әлі де аңсайтыны жасырын емес.

Өткен жылы ғана Ұлттық құраманың бас бапкері міндетін уақытша атқаруға Талғат Байсопынов шақырылды. Оралдың «Ақжайық» клубын жаттықтырып жүрген Талғат Мәруанұлы 26 наурызда Түркияда Әзірбайжанды ұтты. Араға үш күн салып, Тифлисте Грузиямен тең түсті. Сөйтіп өзіне деген сенімді арттырды. Қазақстан Футбол федерациясы маманмен келісімшартқа қол қойды. Байсопынов бастаған «қаршығалар» (*Қазақстан құрамасының лақап аты*) командасы 7 маусымда аспан асты елінің Даляң қаласында қытайларды

3. Баспасөз мәслихаттарының қазақ тілінде өтуі. Бапкер өзі ғана емес, сондай-ақ қазақша сөз сатпай алатын ойыншыны журналистермен кездесуге алып жүреді.
4. Сырттан келетін келімсектерге қызықпауы, жергілікті жігіттерге сенім артуы. Ойыншылармен жақсы тіл табысуы.
5. «Сүйікті» ойыншыларының болмауы, премьер-лигада өзін жақсы қырынан көрсеткен ойыншылардың бәріне мүмкіндік беруі.
6. Ойынды техникалық-тактикалық бағытта жақсы сарайпай алуы.

Сегіз ойын өткізіп, соның екеуін жеңіспен, үшеуін тең ойнап және үшеуінде жеңілген Байсопынов



шын мәнінде, мықты құрам жасақтады деуге негіз бар. Осыдан кейін Бородюктің келуін ақылға қаншалықты сыйымды деп ешкім доп басып айта алмас.

Р.С.: Айтпақшы, былтырғы жылы Бородюктің «Қайраттан» кетуіне себепкер алматылықтарды 2:1 есебімен жеңген «Ақжайық» командасы еді. Сол клубты Талғат Мәруанұлы Байсопынов жаттықтырған еді...

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ



**АА,
ӘЙТПЕСЕ:**

Димашты көргін келсе, ұшаққа мін!

журналистермен
әңгімелескен Димаш
Құдайбергennің
ресми өкілі
Алматы
Шәрімов
мәлім
етті.

**«Мен әншімін» байқауы арқылы аспан асты елінде
феноменге айналған қазақ әншісі Димаш Құдайбергennі
көру үшін қытайлық жанкүйерлері ол отыратын ұшақтың
бизнес-салатына дейін
билет алады. Бұл
туралы Астанада**



Оның айтуынша, Қытайда адамның есімі ол белгілі бір әуе рейсіне билет алғаннан кейін интернетте жарияланады. Содан бастап кімнің кай рейспен кайда ұшатынын біліп отырады. Алпамыс «Қытайда фанаттары Димашты шығарып салып, күтіп алып қана қоймай, онымен бірге билет алып, бір ұшақта ұшадy. Тіпті бизнес-класта отыру үшін билет алады. Тіпті алдыңғы күні елге қарай ұшып келе жатқанымызда Үрімшіге дейін бірге ұшып келген жанкүйерлері болды.

Димаштың жанындағы орындар бизнес-класс болса да, 30 минут ішінде толып қалады. Бірге ұшып қана қоймай, Димашқа сыйлығын да беріп жатады», — дейді. Айта кетейік, Димаш Құдайбергenn қытайда өткен «Мен әншімін» байқауының 6-кезенінде Лара Фабианның Adagio әнін орындады. Осылайша отандасымыз бұл конкурста үшінші рет бірінші орын алды. Артынша Лара Фабиан Димашты миллионнан аса тыңдарманы бар паракшасында құттықтады.



**Әлемнің алдыңғы қатарлы білім ошақтарында студенттердің
әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету саласы орынды жолға қойылып,
бүгінде көптеген елдерде игі нәтижесін беруде. Отандық білім беру
ордаларының көшін бастаған, QS халықаралық рейтингінде әлемнің 800 үздік
университеті арасында 236-шы орынға көтерілген, Әл Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінде осы бағытта жасалып жатқан жұмыстар
көз қуанттып, көңіл-марқайтарлықтай.**

университет ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен іске асты.

«Бір терезе», «Бір кенсе» қағидасы бойынша жұмыс істей отырып, студенттерді сапалы да жылдам қызметтермен қамтамасыз ету — орталықтың басты міндетінің бірі. 9000 шаршы метр аумақта орналасқан, 500-ден аса оқу-ағартушылық, медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-

береді. Өтініш беру барысында сол қызметке қажетті құжатты тіркейді. Қызмет дайын болғанда хабарлама беріледі. Осы хабарламадан кейін студент өзі сұраныс берген қызметті, сол қызметті жүзеге асырған бөлімнен келіп ала алады.

Университетте бастау алған ірі инновациялық жоба «Al-Farabi university smart city» табысты жүзеге асырылуда. Жоба аясында отандық ғана емес, әлемдік білім

кеңістіктіңде алғашқы әрі қазіргі таңда жалғыз болып есептелетін — «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы шаңырақ көтерді. Орталықты құру — ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл Фарабидің «Қайырымды қала туралы» трактатының идеологиясына негізделіп,

«Керемет» - бірегей орталық



Елімізде мектеп оқушысы шамамен 20 мың теңгеге («Smart-house») («Ақылды үй») жобасын жасап шығарды. Өнертапқыш Есет Сейдешов Ақтау қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің химия-биологиялық бағыттағы 12-сынып оқушысы.

**60 долларға -
«Ақылды үй»**



Есеттің айтуынша, үйді телефон немесе планшет арқылы басқаруға болады. Бұл үшін андроид-гаджетке арнайы бағдарлама құрған. Адам есікке жақындағанда «ашу» деген түймені басса болғаны бұйрық орындалады. Адам бөлмеге кіргенде, құрылғы-сенсор іске қосылып, жарық жағылады. Тіпті терезе пердесі, жалюзи автоматты түрде жабылады, ашылады. Бұл үшін құрылғы-сенсор орнатылған. Сондай-ақ камера орнатып, жұмыста отырып үйді бақылауға болады.

демалыстық бағыттарда қызмет ұсынады.

«Кереметтің» қызметіне университеттің оқытушы-профессорлық құрамы, қызметкерлері мен студенттері дән риза.

Орталықтағы басым бағыт — оқу-ағартушылық бөлімі. Бұл бағытта тіркеуші кенесі мен студент кенесі қызмет көрсетеді. Тіркеуші кенесі — білім алушының оқу тарихындағы барлық есепке алу жұмысымен айналысады. Студенттік бөлім — білім алушылар контингентінің қозғалысын бақылау және есебін қамтамасыз ету бойынша қызмет ұсынушы.

Халықаралық академиялық мобильділікті қамтамасыз ету секторы — Әл Фараби атындағы ҚазҰУ мен шетелдік оқу-ғылыми мекемелері арасындағы халықаралық әріптестікті қамтамасыз етуші.

Әскери жұмылдыру бөлімі әскери есеп жүргізу, брондау, мобильдік жоспарлау қызметтерімен айналысады.

Төлқұжат үстелі — студенттің жатақханада тұрғылықты жері бойынша тіркеу қызметін ұсынушы бөлім.

Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасының бөлімі — студенттермен жұмысты басқару, бақылау, талдау және жоспарлау мақсатындағы экономикалық және қаржылық мәселе бойынша кеңес беру қызметін ұсынады.

Мансап және кәсіби даму орталығы — студенттерді жұмыспен қамту, тәжірибе бойынша қолдау қызметін ұсынады. Орталықта жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілердің бірінғай дерек базасына басты назар аударылады.

ХККО-ның мобильділік бөлімшесі — тікелей электрондық үкімет порталына қолжетімді қоғамдық орын құралдары арқылы анықтама алады.

Быылғы оқу жылынан бастап студенттерге е-қызметтер қолжетімді болды. Студент өзінің жеке кабинеті арқылы өзіне қажетті қызметке онлайн өтініш

Медициналық бағыт — «Керемет» орталығындағы маңызды рөл атқарады. Медициналық бағыттағы қызметтерді ұлттық университеттің онтүстіккореялық серіктесі — Енсе университеті, Каннам Северанс клиникасымен жасалған арадағы табысты әріптестіктің нәтижесі болған. ҚазҰУ қабырғасындағы алғашқы Халықаралық Қазақстан-Корей диагностикалық орталығы.

Әлеуметтік-тұрмыстық бағыт — «Керемет» орталығындағы көптеген қызметтер кешенін ұсынатын бағыт. Оның аясында банк, дәріхана, заңгер, нотариус, әуе, теміржол кассасы мен туристік фирма, кітап дүкені, фотостудия, сән салоны мен кір жуатын орын, супермаркет, студенттік асхана, ателье жұмыс жасайды. Аталған нысандардың қызметтері студенттерге қазіргі нарық бағасынан төмен бағада ұсынылады. Мұндай баға саясатын ұстану — қазіргі таңдағыдай күрделі экономикалық жағдайда жастарға әлеуметтік, материалдық көмек болатыны анық.

Университет қабырғасында 19000-нан астам студент білім алады. Жастардың уақытын тиімді, пайдалы ұйымдастыру, оларға тәрбие беру — университеттің білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі.

Сондай-ақ «Кереметте» университеттің студенттік ұйымдарының басын біріктірген жастар орталығы орналасқан. Ұлттық университетте 100-ден аса студенттік ұйым бар. Олардың барлығы аталған орталықта бас қосып,



университет өміріндегі елеулі мерекелік, шығармашылық, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу бойынша сұрақтарды талқыға салады. Дәл осы орталықта жақын арада заманауи коворкинг орталығы өз жұмысын бастайды. Коворкинг орталық психологиялық, заңгерлік, қаржылық бағыттарда кеңестік қызмет ұсынумен айналысатын болады.

«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы бүгінде ҚазҰУ қалашығының жүрегіне айналған. Күніне 2500-ден астам студент осы мекемеден өзіне қажетті қызмет алады. Олардың бірі — өзіне қажетті анықтаманы алса, екіншісі — сән салонынан сәнденіп, үшіншісі — кір жуу орнынан затын алып, тағы бірі супермаркеттен азық-түлік сатып алып кетіп бара жатқан көңілді жастарды көруге болады. Жүзі бал-бұл жанған студенттердің бұл қуанышы — орталықтың жастар игілігіне жұмыс жасап жатқанының айқын дәлелі. Бұл игі бастама отандық жоғары білім беру ордаларында өзіндік жалғасын табады деген сенімдеміз.

Сайран БАЯНДИНОВА,
«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының директоры

«Жас қазақ» газетінің ұжымы белгілі журналист Мұхит Омаровтың туған қарындасы

ОРИНТАЙДЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары
Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:
Елдос ТОҚТАРБАЙ — Астана қаласындағы меншікті тілші
Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет
Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият
Рүслан ДОСТАЕВ — web-редактор
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)
Сабырбек ОЛЖАБАЙ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)
Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2108;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г қуәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.